



Апта басында сыршыл акын Өбділдә Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада тағылымды шара өтті. Руханият саласына бар ғұмырын сарп еткен эколог-жазушы Сайлаубай Жүбатырұлының 70 жылдығына орай ұйымдастырылған «Тағдырым теңізбен тағдырлас» атты жазушымен кездесу кешіне замандастары, студент-жастар және БАК оқилдері қатысты. Облыс әкімі Қырымбек Елеуұлының құттықтауын жеткізген орынбасары Руслан Рүстемов жазушының өмір жолына, шығармашылығына тоқталды.

- Қай ғасырда болмасын, қай заманда болмасын, әрбір ұлттың өркениет деңгейін, руханиятын қаламгерлерімен, жазушылық ортасымен бағалағаны белгілі. Бұл ретте біздегі руханият ортасы бай. Қазақтың даласы мұхит болса, соның бір шетіндегі теңіздің атын қазақтың өзі Арал деп қойған екен. Сол теңіздің жағасында Сайлаубай ағамыз дүниеге келіпті. Мінеки, бүгін жетпістің мерейлі шағында отыр. Қаламыңыз мұқалмасын, жазарыңыз көбейсін! – деді облыс әкімінің орынбасары.

Жазушы тұңғыш рет 1967 жылы «Білім және еңбек» журналында «Аралды қайтсек

сактаймыз?» деген проблемалық макаласымен, «Қазақстан пионері» газетінде жарияланған «Боз айғыр» әңгімесімен көрінді. Сондай-ақ, 50-ге жуық көркем фильм мен аудармаларды дүниеге әкелген жазушы небәрі 21 жасында әдебиет әлемінде жарқ етіп, өзіндік ерекшелігімен таныла бастады. Бытырғы жылы «Абыржы» атты трилогиясы қалың оқырманға жол тартқан болатын. «Арал тағдыры – адам тағдыры» дейтіндер кітаптың салмағын, көтерген жүгін де соншалықты ұғынатындай. Арал теңізінің экологиялық мәселесін жазуға 50 жылын сарп еткен қаламгер соңғы шыққан кітабын жазуға 17 жылын арнаған. Сондықтан болар, кездесу кешінде жазушының замандастары көбіне осы шығарма турасында сөйледі. Оның ішінде «Абыржыны» мемлекеттік немесе халықаралық сыйлыққа ұсыну керек!» дегендер де болды.

Кеш барысында «Табиғат тамыршысына айналған талант» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалса, «Көл, теңіз, сырласайық» атты Сайлаубай Жүбатырұлының монологын кітапхана оқырманы Еркебұлан Тынымбайұлы оқыды. Айтпақшы, биылғы жылдың маусым-шілде айларында жазушының жетпіс жасы туган жері Арал ауданында, Қызылорда қаласында кенінен тойланбақ.

Замандастар пікірі

Қайырбай ЗӘКІРОВ, суретші:

- Сайлаубайдың қаламынан туган туындылар өміршен келеді. Оның «Абыржымен» тоқтап қалмасына да сенемін. Трилогиясын оқып отырып, кейбір сөйлемдердің мән-мағынасына терең үніліп, аса шеберлікпен жазылғанын байқадым.

Хүсейін ӘМІР-ТЕМІР, Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі:

- «Абыржыны» қолыма алып, оқи бастадым. 57-бетіне дейін 3 күн оқыдым, қиынға соққандай. Ал, одан кейінгі 2 күнде барлығын тауысып, сонынан бір-ақ шықтым. Кітап оқырманды еріксіз баурап алады. Сірә, жазушының мықтылығы осы болса керек...

Айжарык СӘДІБЕКҮЛЫ, жазушы:

- 1971 жылы жастарға арналған шығармалардын жабык бәйгесінде «Алыстағы аралдар» повесімен Сайлаубай Жүбатырұлы екінші орынды жеңіп алса, Тынымбай Нұрмағамбетов бірінші орынға ие болды. Екі қызылордалық та сол кезде әдебиетке үлкен дүмпу болып келді.

Шанжархан БЕКМАҒАМБЕТОВ, филология ғылымдарының кандидаты:

- Біз бүгін сырбойылық жазушының ғана емес, қазақ жазушысының кешіне келіп отырмыз. Мен жазушы шығармашылығындағы «Абыржы» трилогиясының жанартылған нұсқасын түсінбедім деген адамды түсінбеймін.

Рыскелді □ ЖАХМАН